

1997 жылы егін жинауды жүргізу үшін мұнай өнімдерін беру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 22 шілдедегі N 1147

1997 жылы егін жинауды жүргізу үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне мұнай өнімдерін беруді ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі 1997 жылы егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін селолық тауар өндірушілерге Қазақстан Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің Мұнай және газ департаментінің бекітуіне сәйкес мұнай өнімдерін бірінші кезекте беруді қамтамасыз етсін.

2. Облыс әкімдері, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы

министрлігі 1997 жылдың 1 қарашасына дейін мерзімде 1997 жылы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына фьючерстік шарттар бойынша алынған мұнай өнімдері үшін ақының уақтылы төленуіне бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі үстіміздегі жылдың IV тоқсанында алыс және жақын шетелдерге транзиттік квоталардың берілетін жанар-жағар материалдардың көлеміне бара-бар мынадай бөлінісін көздейтін болсын:

Берілетін жанар- жағар материал дардың көлемі	Транзиттік квота	
	алыс	жақын
мың тонна	мың тонна	

"Теңізшевройл" АҚ	66,8	249,6	198,5
"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ	66,4	248,2	197,4
"Қазақойл" ҰМК	91	340	270,4
"Қаражамбасмұнай" АҚ	4,6	17,2	13,7
Барлығы	228,8	855	680

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті мұнай өндіруші және мұнай өңдеуші кәсіпорындарға, сондай-ақ мұнай өнімдерін берушілерге көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге фьючерстік келісім-шарттар бойынша берген жанар-жағармай материалдарының көлемі үшін қосылған құнға салынатын салық, акциздер, заңды тұлғаларға салынатын табыс салығы жөніндегі төлемдердің

мерзімін 1997 жылдың 1 қарашасына дейін кейінге қалдырсын.

5. Мұнай мен жанар-жағармай материалдарын берушілер берешектерді көзделген өнім беру көлемдеріне сәйкес өтеу кестесін салық органдарымен келіссін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары